

2. Абуов Н. А. Депортация народов в Казахстан в 1936-1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской области). – Автореф. диссертации на соискание ученой степени кандидата ист. наук Караганда, 2008. -30 б

3. ҚР Президентінің мұрағаты, 708-қор, 5\2 жазба, 187-іс, 28 п., 28-б. Источник: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8799/>

ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Аманкелді К.Р., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Отандық тарихты Жоғарғы оқу орындарында оқытудың әдістемесінің міндеттері оның мазмұны мен педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орнына байланысты болады. Әдістеме оқытушыларды тиімді тарихи білім беруге қажет оқытудың мазмұнымен және педагогикалық құралдармен, біліммен және іскерліктермен қаруландырады.

Тарихты оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының әр түрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. Кеңестік кезеңге дейінгі жоғарғы оқу орындарында тарихты оқытуда көптеген объективтік жетістіктер болғанымен, оның мазмұнында орыстың шовинизм, ұлы державалық астамшылық басым болды. Қазақстандағы ЖОО өзінде Қазақстан тарихына қатысты мәселелер оқытылмады. Кеңестік кезеңде тарих пәнінің мазмұнында жоғарыда аталған саяси белгілер коммунистік, таптық сипат алды. Ол кезеңдегі тарихты оқытудағы мақсат маркстік-лениндік дүниетанымға негізделін, коммунистік идеяларға бағытталды. Бүгінгі таңда бүкіл елімізде жүріп жатқан ұлттық мемлекетті нығайту жолындағы игі істер, жаңалықтар өте көп. Солардың ішінде ең бастысы әрбір халықтың тарихын, тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне, әдет-ғұрпына, жалпы рухани мұрасына зор құрметпен қарау мәселесі болса керек. Міне, осындай қамқорлықтың бір көрінісі 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес дайындаған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасу тұжырымдамасы» болды. Онда Отандық тарихты оқытудың басымдықтары, негізгі проблемалары айқындалды. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанда жаңа әлеуметтік-саяси ахуал қоғамда да, оның азаматтарының санасында да үлкен сілкініс туғызды. Дүниеге, халық пен оның тарихына деген көзқарас та түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егеменді ел болып, іргелі дамуға тұғыр болатын ұлттық сананың ұстанымды ерекшеліктерін айқындау қажеттігі туды [1].

Осы орайда тарихты тану үдерісі фактіні меңгеруден басталады. Тарихи фактінің ерекшелігі – оның қайталанбайтындығында, оны бақылаудың мүмкін еместігінде. Сондықтан, қандай да болмасын тарихи факт туралы студенттің түсінігін қалыптастыру үшін студенттің қазіргі замандағы заттар мен құбылыстар туралы білімімен байланыстыру қажет. Қазіргі таңдағы ақпараттық техникалардың жетістіктерін ескеретін болсақ, тарихи фактілерді көзмен көрсету мүмкіндіктері өте зор. Сондай – ақ студенттердің де осы тұрғыда мүмкіндіктері өте үлкен және бұл заманның талабына сай келеді.

Соңғы кезде білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқу үдерісінде электронды ақпараттық құралдардың пайдаланылуы және бұған қоса Отандық бағдарламалық құралдардың шетелдік үлгіде тиімді қолданылуы біздің елімізде жалпы жұртшылықтың қызығушылығын арттырып отыр. Сондықтан ғалымдар оқыту процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесін жан-жақты қарастыруда. Оның ішінде электронды кітапхана, электронды басылымдар, электронды оқулықтар және т.б. Интернет ресурстарын жан-жақты меңгеру мүмкіндіктері пайда болды, қашықтық оқыту орталықтарына шығу жолдары анықталды. Міне, осындай жағдайларда жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында пәнді оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндіктер жасалуда.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды алмастыру, оларды дамыту, нақты жүзеге асыру болып табылады. Бүгінгі күні білім беру жүйесінің ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына сай оқушыларды тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру.

Педагогикалық процесте инновация – оқыту мен тәрбиенің тәсілдеріне, мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен білім алушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деген ұғымды білдіреді. Білім берудегі жаңашыл процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі мәселесі құрайды. Олар төменде көрсетілген:

1. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату.

2. Педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу [2, 137 б.].

Қазіргі заманғы инновациялық процесті зерттеушілер инновациялық тәжірибе бұл жаңалықты өндіру емес, бұл педагогикалық шығармашылық, новаторлық және зерттеушілік қызмет нәтижелерінің бірін-бірі толықтыруы деп түсіндіреді. Әлемде өмір сүру күрделенген сәтте және демократиялық құрылым тараған сайын жастар кез-келген қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін өздері шешуге, әр түрлі ұйғарым - пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім жасауға үйрену қажеттігі айдан анық болып тұр.

Оқытудың ақпараттық техникалық құралдарын оқу процесінде қолдану тиімді. Компьютерді оқу мақсаттарында пайдалану студенттің жұмысын жеңілдетін, ұзақ уақытта орындалатын қызметтен босатып, қажетті материалды өзі іздеп табуға мүмкіндік алатыны жайында Б.С. Гершунский, С.А. Жданов, Н.Т. Ермеков, К.З. Халықова, А.А. Қалыбекова, И.В. Роберт және т.б. еңбектерінде қарастырылған[2, 64 б.].

Педагогикаға жаңа жол салып, ал ғылымға мықтап енген педагогикалық технологияға түрлі әдіскерлер әр түрлі ұғымдар беріп жүр (Б.Т. Лихачев, В.П. Беспалько, И.П. Волков, В.М.Шепель, М. Чапанов, В.М. Монахов, М.В. Кларин, Г.К.Селевко, Ш.Таубаева және т.б.). Дегенмен барлық анықтамалардағы ортақ ұғым педагогикалық технологияны оқушының және мұғалімнің іс-әрекетімен оқу процесіне тығыз байланысты, бірін-бірі толықтыратын біртұтас жүйелі ой алгоритмі ретінде қалыптастыруда. “Алгоритм” ұғымын бағдар жол деп түсіндіреді Қ.Бектаев. Ал Г.К.Селевко педагогикалық технологияның практикада қолданылатын 3 деңгейін атап көрсетті.

1. Жалпы педагогикалық (дидактикалық)

2. Жеке методикалық (пәндік)

3. Логикалық (модульдік).

Логикалық ойды алгоритмдеу В.Безрукованың жіктеуінде 3 сатыдан тұрады: жобалау, үлгісін жасау, конструктілеу [2, 80 б.]

Сонымен педагогикалық технология тек қана техникалық оқу құралдарын дамыту немесе компьютерлендіру емес, жоғары нәтижелерге бағытталған біртұтас өзара байланысты әдістер, тәсілдер, мазмұнның жиынтығы деп қарастыру болады. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша адамзат баласы өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең озық тәжірибелерін, тиімді ізденістерін дамытып келеді. Дамудың жалғасуын педагогикаға жүйелі ойлау тәсілдерін ендіру деп қарастырған жағдайда педагогикалық технологияның өзегі – оқу тәрбие процесін жүйелеу қажеттігі туады.

Инновациялық оқыту барысында кем дегенде мазмұндық (нені оқыту), процесуалдық (қалай оқыту), мотивациялық (білім алушылар әрекетін қалай белсенді етуге болады) және ұйымдастыру (білім алушы мен оқытушы әрекетінің құрылымын қалай жасау керек) жағын бөліп қарауға болады. Осы жақтардың әрқайсысына бірқатар концепция сәйкес келеді. Мазмұндық жағына - мазмұнды қарам-қатынас, оқу материалын күрделендіру, басқа пәндерді кіріктіру /интеграция/, дидактикалық бірліктерді ірілендіру және т.б. Процесуалдық жағына – программалау концепциясы, проблемалық, интерактивтік оқыту т.б. Мотивациялық – оқу барысын мотивациялық қамтамасыз ету концепциясы, танымдық

қызығушылық қалыптастыру, т.б. Ұйымдастыру – гуманитарлық педагогика идеялары, педагогикалық еңбектестік концепциясы, оқу пәніне «шому» (М.П.Щетини), орталықтандырылған (концентрированные) оқыту т.б. Осы концепциялардың бәрі өз кезегінде технологиямен қамтамасыз етіледі [2, 86-87 б.].

Жаңашыл процестердің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын жаңалықты қолдануы тиіс. Тарих пәнін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік мол. Пән мазмұнының жаңаруы оны оқушыларға игертудің әдістерін де жетілдіруді талап етеді.

Төменде білім беру жүйесінде қолданылатын технологияның бүгінгі түрлері (қазіргі білім беру технологиясы) көрсетілген.

1. Педагогикалық процестің жеке бағдар негіздері педагогикалық технологиясы. Ынтымақтастық педагогика, ізгілікті тұлғалық технология. Ш. Амоношвили-Е.Н. Ильин жүйесі: адамды қалыптастыру пәні ретінде әдебиетті оқыту.

2. Оқушылар қызметін қарқындату, интенсификация және белсенділігін арттыру негізіндегі педагогикалық технология. Олар – ойын элементтері, проблемалық оқыту, тірек сызбалары, В.Ф. Шаталов және Е.И. Пассовтың коммуникативті әдістемелері.

3. Қазіргі дәстүрлі оқыту.

4. Оқыту процесін ұйымдастыру және нәтижелі басқаруға негізделген педагогикалық технология [2, 138 б.].

Тарихты оқытудың техникалық құралдарына экрандық құралдар (диафильм, диапозитив, кодопозитив) және оқу кинофильмдері, телебағдарламалар, компьютерлік бағдарламаларды пайдалануға болады. ЖОО бағдарламасына сай дайындалған диафильм, диапозитивтер бүгінде аз және тарих сабағында өте сирек қолданады. Олардың көпшілігі бағдарламаның мазмұнына сай келмегенімен, оларды саралап қолданудың өзі тарих сабағының тиімділігін арттыруға септігі мол. Алайда ескертетін жағдай, ешқандай техникалық құрал оқытушының тұлғасын алмастыра алмайды.

Тарихты оқытуда кинофильмдер мен телебағдарламалардың бірқатар ортақ сипаты болады. Олар – динамикалық көрнекіліктер. Образ бен сөз тұтастықта ұсынылады. Сабақта фильмдерді көру арқылы студенттер драмалық оқиғалардың ортасында болып, тарихи тұлғалардың, кейіпкерлердің жанды дауыстарымен таныс болады. Мұрағаттарда жинақталған құжаттар арасынан аудиовизуальды (кинофотодыбыстық) құжаттар айырықша орын алады.

Олар ұлттық мұрағат қорының құндылығы және Отан тарихынан көптеген мәліметтер беретін аса құнды деректер болып табылады. Тарихи дерек және әлеуметтік құбылыс ретінде кинофотодыбыстық құжаттар біздің өткенімізді нақты бағалауға, көп қырлы жағдайларды көрсетіп, таныстыруда өте құнды. Кинофотодыбыстық құжаттардың басқа деректерге қарағанда адамға эстетикалық және эмоционалды тұрғыда әсер ететін өзіндік күшке ие ерекшеліктері бар. Кинофото құжаттар мен дыбыстық жазбалардың өте мол қоры ұлттық мұрағатта сақтаулы. Олар – деректі фильмдер, тарихи тұлғаларға байланысты теле фильмдер, кино жинақтар мен тарихи сипаттағы фильмдер.

Осындай дыбыстық құралдардың көмегі арқасында тарихи тұлғалардың тірі дауысы, көркем әдебиет шығармаларынан үзінділер, музыка шығармалары тарих сабағында пайдаланылып, студенттерге жеткізіледі [2, 59-63 б.].

Ақпараттық технология меңгерудің сатылап жүру кезеңдерінде тұлғалық бағдарлау, модульдік оқыту, даралық және топтық оқыту әдіс-тәсілдерімен қатар интеграциялық түрді қамтиды. Оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері:

1. Эмпирикалық әрекет қабылдау кезеңі ретінде;
2. Жағдайды тануға бағытталған эвристикалық әрекет ретінде;
3. Дағдыны қалыптастыруға арналған практикалық әрекет [2, 138 б.].

Осы кезеңдер бойынша білім алушылардың оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады. Оқу әрекеті өндірісте, мәдениетте, білім беруде компьютерлердің қолдану

сферасын білуден басталады. Олар компьютерлерді іске қосып, бағдарламалар кітапханасынан керегін алып пайдалана білуге, онымен мәтін жазуға, керек ақпаратты іздеп табуға, сурет салуда пайдалануға және т.б. үйренеді.

Компьютерлік бағдарламалар тарихи оқиғаларды имитациялауға үлкен мүмкіндік береді. Өткен кезең туралы қомақты да жарқын түсінік бере отырып, компьютерлік бағдарламалар білім алушының тарихи оқиғаға араласып оған ықпал жасай алуы арқылы қызығушылығын арттырады. Сол сияқты компьютер мүмкіндігін пайдаланып үлгілеуге болады.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жыл 7 желтоқсанда №1118 Жарлығымен ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, оны іске асыру екі кезеңге бөліп қарастырылған. 2020 жылға дейін білім беру жүйесі мектептер мен ЖОО-да барлық әлемдік білім берудегі ақпараттық ресурстарына on-line қолжетімділігін қамтамасыз ету қарастырылған. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында білім беру жүйесінде сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен еліміздің білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [2, 80 б.].

Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген жас ұрпақты тәрбиелеу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Н.А. Бейсенбекова. Отандық тарихты оқытудағы ұлттық ұстанымдардың кейбір мәселелері. - Қарағанды университетінің хабаршысы, 2010 жыл // <https://articlekz.com/kk/article/15587>

2. Қозғамбаева Г. Б., Алпысбаева Н. К. Тарихты оқыту әдістемесі. Өңделін, толықтырылған екінші басылым. Оқу құралы / Г. Б. Қозғамбаева, Н. К. Алпысбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 бет.

3. Журасова А.Ш., Тарихты оқыту әдістемесі / А.Ш. Журасова - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2012. – 160 б.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>

РЕАЛИЗАЦИЯ ЦЕННОСТНОГО ПОДХОДА В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Ахметова А.Б., магистрант

(Научный руководитель: к.и.н., **Мырзахметова А.Ж.**)

Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова
г.Караганда, Казахстан

Ценностный подход в образовании предусматривают воспитание общечеловеческих и национальных ценностей, жизни и здоровья человека, приоритетов свободного развития личности, патриотизма, трудолюбия, уважения прав и свобод человека. Этот подход направлен на повышение воспитательного потенциала образовательного процесса, интеграцию обучения и воспитания, обновление методики, содержания и структуры образования в рамках национальной идеи «Мәңгілік Ел», общечеловеческих ценностей, а также интеграции обучения и воспитания [1].

Ценностный подход в образовании в настоящее время является областью активных исследований и практик. Тем не менее, это спорная область о том, каким процессам